

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ шығыстану факультетінің докторанты Молдабек Ескер Бегалыұлының «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық келбеті» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Адамзат мәдениетінің тарихы қиында күрделі жолды басынан өткеріп келеді, осы жолда қаншама жаңалықтар ашылады, оның есесіне қаншама құндылықтар жойылады. Ескінің орнын ауыстырған жаңашылдық әрдайым өркениеттік сипатқа ие, бірақ уақыт өте келе кейбір ескі құндылықтар жанданып, қайта қалыпына келіп, жаңа өркениеттік мәдениеттер талапқа сай көркемделіп жаңашылдық сипатқа ие болады. Жер жүзіндегі мәдениеттердің барлығы құрылымы жағынан бір-біріне өте ұқсас. Кез-келген мәдениеттің белгілі бір ерекше тұсы келесі мәдениетке әлсіздік танытса, дәл осы әлсіздік өзге мәдениет өркендеудің басты себебі болуы мүмкін десек. Демек, онда мәдениеттер әрдайым өзгерісте, олардың өзіндік ерекшеліктері мәдени тарихи белгілері жиынтылығының ұдайылығы мен екпінінен айқын көрінеді. Өзгермелі мәдениеттің орны мен уақыты ауысқан сәтте, тек осындай білім ғана бізге константы анықтауға жәрдем береді. Үздіксіз үрдісті меңгеру феноменінің үстемдік етуші белгілерін анықтайды әлемдік тарихи-мәдени саяси идеялар тұрғысынан талданып, өркениеттік көріністер арқылы белгілі болады.

Молдабек Ескер Бегалыұлының нысанаға алып отырған «Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық келбеті» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Тараулар өз ішінде тақырыптық тараушыларға бөлінген. Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы, «Зерттеу тақырыбының теориялық-әдіснамалық және концептуалды қырлары» деп аталады, мұнда ғылыми жұмыстың теориялық мәселелері қарастырылады, атап айтқанда, бұл тарауда әл-Фараби шығармаларын зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері ғылыми салыстырмалы тұрғыда зерттелу дәрежесіне байланысты сұрақтар талданады. Сонымен қатар зерттеудің нысаны болып отырған қолжазбаның шетелдік және отандық кітапхана қорларында сақталған нұсқалары жайлы мәліметтер кешенді түрде зерттеліп, олардың әрқайсысына жеке талдау жасалады.

Ал екінші тарауда, Әбу Насыр әл-Фараби трактаттарындағы өркениет ұғымына тарихи-шығыстанулық талдау жасалады, онда әл-Фараби заманындағы ортаазиялық өркениет мұсылмандыққа дейінгі заманның рухани әлемі мен материалдық әлемнің бірқатар бағыттары бойынша мұрагері болды. Аталмыш мәселе әлемдік тарихта кеңінен орын алғанын еске алатын болсақ, өз кезегінде түркілік ойшылдың танымы Шығыс және Батыс

ойшылдарының пікірлерімен салыстырылып, сабақтастырылып компаративистік әдіс тұрғысында дәйектелген. Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи тұлғасы және оның қазіргі қоғамдағы жастарды тәрбиелеудегі маңызы атты үшінші тарауда әл-Фарабидің ғалым және тұлға болып қалыптасуына әсер еткен тұлғалар, сонымен қатар тұлғаның қоғамда алатын орны мен ролі және жастар тәрбиесіне әсері жайлы мәселелер жан-жақты ғылыми тұрғыдан талданады. Докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны жүйелілік пен сабақтастық қағидаларын сақтауды көздейді және тараулардың өзара тығыз байланысы мен сабақтастығын мақсат етеді.

Ізденуші, әл-Фарабидің өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы тарихи тұлғалық келбетін тыңғылықты егжей тегжейіне дейін жеткізіп жан жақты қарастыра білген. Диссертацияда тың деректер мен жаңа идеялар, соны пайымдаулар мол. Зерттеу жұмысындағы тақырыптар мен олардың аясында көтерілген мәселелер мен тұжырымдалған дәйектемелер бір-бірімен тығыз байланысқан және логикалылығы мен ішкі бірлігі берік, «Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық келбеті» атты тақырыптағы диссертациясы қазіргі қоғамда жаңа тұлғаны қалыптастыруда өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығын зерттеуші жан-жақты ашып көрсете білген. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының әр тарауының соңында тақырыпқа байланысты талдау жасап отырады.

Докторант зерттеу қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жариялап, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндама жасады. Конференциялар барысында апробациядан өткен зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 5 мақала, ҚР ҒжЖБМ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақаласы жарияланды.

Ғылыми жетекші ретінде докторант Молдабек Ескер Бегалыұлының зерттеу жұмысын, гуманитарлық ғылым салаларына соның ішінде шығыстану, тарих, философия, мәдениеттану ғылымдарының зерттеу ісіне өзіндік елеулі үлесін қосады деп санаймыз.

Жалпы алғанда, Молдабек Ескер Бегалыұлының «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық келбеті» атты зерттеу жұмысы, диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай орындалған және диссертациялық жұмыс толық аяқталған деп есептей отырып, «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге ұсынамыз.

**Отандық ғылыми кеңесші,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ті,
философия және саясаттану факультеті,
саяси ғылымдарының кандидаты**

Қолын растаймын
Подпись заверяю

Сулейменов П.М.



Сулейменов П.М.